«Толағай» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК

Тақырыбы: «Менің көңіл күйім-менің әлемім»

(Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)

Педагог психолог: Рабилова. А

Қараша 2026ж

Сканировано с CamScanner

Тақырыбы: «Менің көңіл күйім – менің әлемім»

Мақсаты: Балалардың көңіл күйін тану, эмоцияларды ажырату, өз сезімдерін сөзбен және қимылмен жеткізу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:
Қуаныш, мұң, ашу, қорқыныш эмоцияларын таныстыру.
Балалардың эмоционалдық жай-күйін түсінуге үйрету.
Мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Сиқырлы қорап, смайликтер, эмоция карточкалары, айна, түрлі түсті шарлар, гүл күлтелері, әуен.
Ұзақтығы: 25–30 минут.

Сабақтың барысы
1. Ұйымдастыру кезеңі. «Шаттық шеңбері»
Психолог балаларды шеңберге шақырады.
Психолог:
– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізде ерекше сабақ. Біз көңіл күй әлеміне саяхат жасаймыз. Бір-бірімізге күлімдеп қарайықшы!
Балалар бір-біріне жылы сөздер айтады:
Сен әдемісің!
Сен ақылдысың!
Сен мейірімдісің!
Сен менің досымсың!
2. Қызығушылықты ояту. «Сиқырлы қорап»
Психолог ортаға сиқырлы қорап алып шығады.
– Балалар, қараңдаршы, мен сендерге сиқырлы қорап алып келдім. Ішінде не бар екен? Ашып көрейік!
Қораптың ішінен эмоциялардың суреттерін шығарады.
– Балалар, мына суреттерге қараңдаршы. Адамдардың көңіл күйлері қандай?
Балалар жауап береді.

Психолог төрт суретті көрсетеді:
Қуаныш – күліп тұрған бала.
Мұң – жылап тұрған бала.
Ашу – ашуланған бала.
Қорқыныш – қорқып тұрған бала.
Сұрақтар:
Қай бала қуанып тұр?
Қай бала мұңайып тұр?
Адам неге ашуланады?

Сканировано с CamScanner

Қорыққанда не істейміз?
Балалар жауаптарын айтады.
4. Практикалық жаттығу. «Айнадағы мен»дактикалық ойын. «Көңіл күйді таны»
– Балалар, айнаға қарайық. Енді мен қандай көңіл күй айтсам, сендер сол көңіл күйді беттеріңмен көрсетесіңдер.
Қуанышты жүз!
Мұңайған жүз!
Таңғалған жүз!
Ашуланған жүз!
Бұл жаттығу балаларға өте қызықты болады.
5. Қимылды ойын. «Көңіл күйді қайтала»
Психолог әуен қосады.
Қуанышта – секіреміз.
Мұңайғанда – ақырын жүреміз.
Ашуланғанда – аяғымызды ақырын топылдатамыз.
Қорыққанда – өзімізді құшақтаймыз.
1-жағдаят: Анаң саған әдемі ойыншық сыйлады. Сен қандай сезімде боласың?
2-жағдаят: Досың сені ойынға қоспады. Сен не сезінесің?
3-жағдаят: Досың құлап қалды. Сен оған қалай көмектесесің?
4-жағдаят: Тәрбиеші сені мақтады. Сен қандай сезімде боласың?
Балалардың жауаптарын тыңдап, дұрыс сезім білдіру жолдарын түсіндіресі:
Қорытынды бөлім
– Жарайсыңдар, балалар! Бүгін біз әртүрлі жағдаяттарды талқылап, өз сезімдерімізді білдіруді үйрендік.: Барлығымыздың көңіл күйіміз жақсы болсын! Әрқашан күлімдеп жүрейік!
– Ал, балалар, бүгінгі ойын сендерге ұнады ма? Өз көңіл күйлерің қандай?
Психолог: Жарайсыңдар! Сендер өте ақылды, мейірімді балаларсыңдар!

Сканировано с CamScanner





Сканировано с CamScanner





Сканировано с CamScanner